

FTAMP 17.09.91

<https://doi.org/10.53871/2078-8134.2023.3-13>

Ж.Т. Салтақова

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты,

Алматы, Қазақстан

E-mail: aibolanel_27@mail.ru

ORCID: 0000-0002-3161-2179

ПОСТФОЛЬКЛОР: АҢЫЗДЫҚ ПРОЗАНЫҢ КИБЕРКЕҢІСТІКТЕ ТАРАЛУЫ

Аңдатпа. Мақалада аңыздық прозаның киберкеңістікте таралу мәселелері қарастырылады. Қазіргі заманда интернет қауымның виртуалды зердесіне айналған, киберкеңістікте кез келген қолданушы желі арқылы келген фольклорлық мәтіндерді, аңыздарды оқып, көшіріп, тарата алады, ішінара оқиғаларды өзгертіп, сюжетін байытып немесе өңдеп, бөліседі. Кейбір интернет порталдар мен сайттарда ақпарат беру мақсатында аңыздық прозаның мәтіндері фото және видео түрінде, жарнама қызметінде кеңінен қолданылады. Киберкеңістіктегі фольклорлық материалдарды шартты түрде фольклордың трансформациясы деп атауға болады. Дәстүрлі фольклор негізінде туындаған постфольклорлық аңыздардың ауызша-визуалды түрі басым. Мәтінде баяндау мен баяндаушы-тыңдаушы аңыздық прозаны құруда маңызды рөл атқарады. Дәстүрлі фольклордың көптеген жанрлары қолдану аясы тарылғандықтан жаһандық әлеуметтік-коммуникативтік ортада сақталмайтыны белгілі. Соның ішінде топонимдік аңыздарды интернет қолданушылары айналымға аз енгізеді. Дегенмен туризм бағытындағы сайттар мен арнайы парақшаларда электронды фольклордың осы түрі белсенді қолданылады. Аңыздық проза мәтіні «бақыт хаттарында» жиі кездеседі, оның бастапқы бөлігінде аңыз баяндалып, ал екінші бөлігінде желі арқылы келген мәтінді ары қарай таратпаса бақытсыздыққа ұшырау немесе таратса қауіп-қатердің алдын алатыны айтылады. Мақалада қазақтың тарихи, топонимдік және шежірелік аңыздарының киберкеңістікте таралуы тарихи жадымыздан хабар беріп қана қоймай, сонымен қатар ұлттық мұрамызды жаңғыртуға септігін тигізетіні зерделенеді.

Алғыс: Мақала AP14871567 «Қазақ постфольклоры: генезисі, семантикасы және жанрлар трансформациясы» атты гранттық жоба аясында дайындалды.

Кілт сөздер: постфольклор, интернет, киберкеңістік, фольклор, аңыз, жанр, сюжет, мәтін.

Zh. T. Saltakova

M.O. Auezov Institute of Literature and Art,

Almaty, Kazakhstan

E-mail: aibolanel_27@mail.ru

ORCID: 0000-0002-3161-2179

Postfolklor: the spread of legends in cyberspace

Abstract. The article discusses the issues of the spread of legends in cyberspace. Nowadays, the Internet has become a virtual source of knowledge of society, in cyberspace, any user can read, copy, distribute folklore texts and legends found on the web, partially changing events, enriching or editing the plot and sharing it. In order to transmit information, some Internet portals and websites widely use texts of legends in the form of photos and videos, as well as for advertising. Folklore materials in cyberspace can be conditionally called the transformation of folklore. The oral-visual form of post-folklore traditions, which arose on the basis of traditional folklore, prevails. The text of the narrative and the narrator-listener play an important role in the creation of legends. It is known that many genres of traditional folklore are not preserved in the global socio-

communicative environment due to the limited scope of application. So toponymic legends are little introduced into circulation by Internet users. But this type of electronic folklore is actively used on tourist destination websites and special pages. The text of the legends is often found in the «Chain Letter», where the legend is told in the initial part, and in the second part it is said that if the text coming over the network does not spread further, it portends misfortune, if it spreads, then the danger will be prevented. The article examines how the spread of Kazakh historical, toponymic and genealogical traditions in cyberspace not only preserves historical memory, but also contributes to the modernization of national heritage.

Acknowledgments: The scientific article was prepared within the framework of the grant project AP14871567 «Kazakh postfolklore: genesis, semantics and transformation of genres».

Keywords: postfolklore, Internet, cyberspace, folklore, legends, genre, plot, text.

Ж.Т. Салтакова

Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова,

Алматы, Казахстан

E-mail: aibolanel_27@mail.ru

ORCID: 0000-0002-3161-2179

Постфольклор: распространение преданий в киберпространстве

Аннотация. В статье рассматриваются вопросы распространения преданий в киберпространстве. В наше время интернет стал виртуальным источником знаний общества, в киберпространстве любой пользователь может читать, копировать, распространять найденные в сети фольклорные тексты, легенды, частично изменяя события, обогащая или редактируя сюжет и делясь им. В целях передачи информации на некоторых интернет-порталах и сайтах широко используются тексты преданий в виде фото и видео, а также для рекламы. Фольклорные материалы в киберпространстве условно можно назвать трансформацией фольклора. Преобладает устно-визуальная форма постфольклорных преданий, возникшая на основе традиционного фольклора. Текст повествования и рассказчик-слушатель играют важную роль в создании преданий. Известно, что многие жанры традиционного фольклора не сохраняются в глобальной социально-коммуникативной среде из-за ограниченной сферы применения. Так топонимические легенды мало вводятся в обращение пользователями интернета. Но на сайтах туристического направления и специальных страничках активно используется этот вид электронного фольклора. Текст преданий часто встречается в «письмах счастья», где в начальной части рассказывается предание, а во второй части говорится, что если текст, поступающий по сети, не будет распространяться дальше, то предвещает несчастье, если он будет распространяться, то опасность будет предотвращена. В статье изучается, как распространение казахских исторических, топонимических и генеалогических преданий в киберпространстве не только сохраняет историческую память, но и способствует модернизации национального наследия.

Благодарности: Статья подготовлена в рамках грантового проекта AP14871567 «Казахский постфольклор: генезис, семантика и трансформация жанров».

Ключевые слова: постфольклор, интернет, киберпространство, фольклор, предание, жанр, сюжет, текст.

1. Кіріспе

Қазіргі қоғамда интернетке қолжетімділік, виртуалды әлемді пайдалану күнделікті өміріміздің бір бөлігіне айналды. Әуел баста ауыздан-ауызға жеткен фольклорлық мұраларымыз ХХ ғасырда кітапқа басылса, енді ХХІ ғасырда киберкеңістік арқылы жан-жаққа тарауда. Авторлық әдебиетпен салыстырғанда ауыз әдебиетін әлеуметтік желілерде тарату, бөлісу жылдам әрі қарқынды дамуда. Өйткені, кез-келген цифрлы әлемді меңгерген адам ғибратқа толы, сюжеті көркем ұлттық мұраларымызды өз талғамына, шама-шарқына қарай жаңғырта алады. Ертегі, аңыз, ауызекі әңгімелерді интернеттегі бағдарламалар арқылы өздігімен видео, аудио форматында құрастырып,

бөліседі. Сондықтан киберкеңістік халықтың виртуалды зердесіне айнала бастады. Фольклорлық мәтіндер интернетте екі жолмен тарайды. Бірінші жолы интернет блогтар мен форумдарда, чаттарда, WhatsApp, Telegramm желісінде бөлісу арқылы, екінші жолы кәсіби мамандардың жинап, интернет сайттарда жариялайды. Виртуалды кеңістікті пайдаланушы да, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы да, зерттеуші де осы функциялармен жұмыс жасайды.

Ондаған жыл бұрын көптеген әдебиеттанушы мамандар постфольклор ұғымына сенімсіздік танытып, күмәнмен қарады. Қазірде интернеттегі фольклорды фольклор деп мойындамайтын, тіптен жалпы шығармашылық деп санамайтын зерттеушілердің өзі аңдысын аңдып, сақтық танытуда. Көптеген танымал ресейлік ғалымдар бұл тақырыпты айналып өтіп, оны болашақтың еншісіне қалдырып отыр. Олар постфольклор кеңістігінің қалыптасуына сенім білдірмегенімен, желіде шынайы фольклор туындыларының пайда болып жатқанын жоққа шығара алмайды. Десе де, киберкеңістіктегі ауыз әдебиеті үлгілерін құрастырып, пайдаланып, жаңғыртып жүрген миллиондаған адамдардың қатысуымен орын алып жатқан құбылыстарды қалай атауға болады деген сұрақ пайда болады.

Постфольклор тақырыбына қатысты мәселелер осы сала мамандарының да, қалың жұртшылықтың да назарын өзіне аудартып отыр. Соңғы жылдары белсенді пікірталастар туындап, әсіресе мәселенің өзіндік басымдылығы талқылануда. Постфольклор түбегейлі жаңа бағыт болса да, «интернеттегі фольклор», «желілік фольклор» және басқа да терминдермен қатар қолданылып келеді. Аталмыш мәселенің маңыздылығын бірқатар жағдайлармен анықтап өтуге болады. Біріншіден, объективті түрде қарағанда, киберкеңістік әлемі адам өз белсенділігін жүзеге асыратын негізгі бағыттардың біріне айналды. Болжамдарға сәйкес, 2030 жылға қарай адамзат қолданысындағы ақпараттық ресурстардың едәуір бөлігі цифрландырылады, сонымен қатар жоғары жылдамдықты интернетке қол жеткізген миллиардтаған адамдардың бір-бірімен географиялық кеңістікте емес, виртуалды кеңістікте өзара шексіз әрекеттесуге мүмкіндіктері пайда болады. Екіншіден, интернеттегі фольклор жанрлары негізгі мәдениет түріне айналып, оның аясында қатынастың, өнердің, ғылымның, саяси-идеологияның, экономиканың барлық салаларында қарым-қатынас виртуалды ортада жүзеге асады деген болжам бар. Бүгінгі таңда желілік әдебиет және желілік өнер объективті шынайылыққа айналып отыр. Адамның сыртқы әлеммен өзара әрекеттесуінің өзіндік тәсілі ретінде фольклорды қолдануына қарап, оны желідегі ортада да органикалық түрде игеретінін болжау заңды болар еді (Guliyev, 2022: 109).

Мысалы, американдық әлеуметтанушы Э. Тоффлер өзінің әйгілі «Үшінші толқын» кітабында алғаш рет сипаттаған «электронды коттедж» қосымшасын қарастырайық. «Электронды коттедж» қосымшасы ақпараттық қамтамасыз ету арқылы адамға үйден немесе кеңседен шықпай-ақ үй-жайын бақылауға, желілік байланыс арқылы жұмыс істеуге, төлем жасауға, сайлауға қатысуға, құжаттар алуға, азық-түлікке тапсырыс беруге және басқа да қызметтерді алуға мүмкіндік береді. Дегенмен, «электронды коттедж» әлеуметтік кеңістік пен уақытты оңтайлы тиімді ұйымдастыру арманын жүзеге асыратын көпір болып қала берді (Howard, 2008: 121).

Рухы мен көзқарасы жақын адамдармен қарым-қатынас құру – бүгінгі таңда адам үшін ең жоғары құндылықтардың бірі болып саналады. Іс жүзінде, телекоммуникацияны жиі қолданатын адамдар санының өсуі жаңадан пайда болған және тек ірі қалаларға қатысты үрдіс. Десе де, зерттеушілердің әзіл-оспақ аралас пікірінше, бүгінде телекоммуникация арқылы жұмыс жасап, жобаларға зерттеу жүргізіп жүрген адамдар саны нақты жұмыс істейтін адамдардан айтарлықтай көп. Сонымен қатар, адамдар ірі корпорация қызметкерлері болса да, бейресми (желілік болса да) қарым-қатынасқа жақын, бұған желідегі бейресми коммуникациялардың артып отырғаны дәлел. Желілік технологиялар адам атқаратын қызметтердің көптеген салаларын «ақпараттық» салаға көшіруге мүмкіндік береді деген болжам біршама орынсыз болып көрінеді. Желілік технологиялар, әрине, әлеуметтік-мәдени ортаны (жақын болашақта) түбегейлі өзгерте алмайтыны анық, дегенмен біршама өзіндік өзгерістер енгізері сөзсіз. Дегенмен, бұл мәселе қалыптасып және бүгінгі таңда өзіндік ерекшеліктерін де орнатып үлгерген, атап айтқанда, фольклор мен халық шығармашылығының дәстүрлі түрлерінің киберкеңістікте қызмет етуіне байланысты ерекшеліктері қалыптасқан.

2. Материалдар мен әдістер

2.1 Зерттеу әдістері

Зерттеу жұмысында кешенді, салыстырмалы, тарихи-функционалды зерттеу әдістері арқылы постфольклордың семантикасы айқындалды. Постфольклор феноменін зерттеуде жүйелі талдау әдістемесі, салыстырмалы-тарихи талдаудың түрлі формалары, әлеуметтік және этнографиялық сапалық және сандық әдістер (бақылау, контент-талдау, сауалнама) т.б. гуманитарлық ғылым әдістемесі пайдаланылды.

2.2 Материалға сипаттама

Зерттеу жұмысының материалы ретінде интернет желісіндегі фольклордың көпнұсқалығын, постфольклорды, прозалық фольклорды зерттеген шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектері негізге алынды. Зерттеу негізін отандық және шетелдік фольклортану ғылымының базалық теориялық және тәжірибелік зерттеу бағыттары құрайды. Қазақ постфольклорын жинау, жүйелеу, зерттеу мәселесі әдебиеттанудың өзекті мәселелерінің бірі болып отыр. Мақалада пайдаланылған материалдар әлеуметтік желідегі, мессенджердегі жазбаларды жинау арқылы талданды.

3 Талқылау

«Постфольклордың өзгергіштігі байқалады, бір кезде жиі айтылған анекдоттар корпусы тез өзгеріп отырады. Жалпы саяси тақырыптағы анекдоттар көбірек айтылады, соңғы кезде короновирустық инфекция пандемиясы, маска тағу ережесін сақтау туралы айту белең алған. Анекдотты қоғамдағы жағдайдың, мәдени-әлеуметтік мәселелердің ушығу деңгейін көрсететін барометр деуге болады. Онлайн білім алу жағдайында туындаған анекдоттар гаджетті актив қолданушы ұрпақтың белсенділігін көрсетті» (Рақыш, 2023:116). Ауызша, поэтикалық, музыкалық және кейінгі жазба дәстүрдегі фольклорлық шығармаларды, атап айтқанда, өлеңдер жинағын цифрлық форматқа аудару мен желіге салудың өз қиыншылықтары бар. Қарым-қатынас түрі ауызшадан желілік қарым-қатынас түріне ауысқандықтан, фольклордың шынайылық

түпнұсқа ерекшелігі жоғала бастағаны анық. Бұған қоса, дәстүрлі мәдениетке тән емес жаңа құрылымдар мен форматтарды таңу арқылы, тіпті бұл жаңашылдық түпнұсқа мәтіннің барлық мазмұны мен көріністерінің сақталуын қамтамасыз етсе де, қарым-қатынас ортасында ерекше әрекет ету мүмкіндігі пайда болады. Постиндустриалды қоғамда техникалық құралдардың әсерінен өзіндік морфологиясының өзгеруімен қатар, дәстүрлі мәдениеттің айтарлықтай құрылымдық өзгеріске ұшырағанын айқын байқататын тенденциялар орын алғанын атап өтуге болады.

Дәстүрлі мәдениет саласындағы өзгерістердің ауқымы әлеуметтік жүйеде орын алған өзгерістермен тікелей байланысты және оның жаңа формаларының пайда болуы әлеуметтік-мәдени жаңашылдықтан туындайды деген ой туындайды. Дегенмен, бұқаралық ақпарат құралдарының қарқынды дамуына қарамастан, дәстүрлі фольклор заманауи мәдениет саласында да белсенді түрде дамып келеді. Бұл арада зерттеушілер тұрмыстық, көше, студенттік, туристік, ішінара батырлық әндерді, ертегіге жатпайтын әртүрлі ауызша әңгімелерді, заманауи ертегілерді, қысқа ертегілерді, ауызша әңгімелерді, анекдоттарды, қауесеттерді, өсек-аяндарды, сондай-ақ, тұрақты сөз орамдары, афоризмдер, нақышты сөздер, жаргондар, қақпа сөздер сияқты күнделікті сөйлеу нормасының маңызды бөлігін атап көрсетіп отыр. Бұған сондай-ақ айтарлықтай өзгертілген «заманауи естеліктер мен эпсаналар (соның ішінде неомифологиялық), қауесет пен өсек сияқты жартылай құрылымды мәтіндер» де жатады.

4 Нәтижелер

Интернет желілерінде жер-су туралы аңыздар сюжетін әртүрлі туристік компаниялардың түрлі-түсті жарнамаларына, видеороликтеріне пайдаланады. Сонымен қатар, туристік агенттіктердің қызметкерлері (гидтер) өз қызметтері барысында елдімекенге қатысты географиялық мәліметтермен қатар, халық арасында тараған сол мекеннің шығу тарихына немесе сол жерде туып-өскен тарихи тұлғаға байланысты аңызды тарқатады. Халқымызда жер-су, тау-тас, елді мекен, өзен-көл жайында аңыздар өте көп. Бар ғұмырын далада, табиғат аясында өткізген көшпенді халық қоршаған әлем туралы білгісі келіп, сол дүниенің ерекшелігін ескеріп, немесе тіршілігінің қажеттігіне байланысты, иә болмаса қиялға ерік беріп, неше түрлі миф, эпсана, аңыздар ойлап тапқан. Әрине, қызметкер аңызға өз жадынан оқиғалар қосуы, әсірелеуі немесе сюжетті қысқартуы да мүмкін.

Мысалы: Ақмола облысында орналасқан Оқжетпес тауы Қазақстанның табиғаты көркем мекендерінің бірі болғандықтан туристік аймаққа жатады. Осы таудың пайда болуы туралы аңыздар да жеткілікті. Халық арасында кеңінен тараған аңыз сюжеті бойынша «Жібек жолы TV» каналы «Аңыз-әңгімелер» топтамасының бір сериясы осы «Оқжетпес туралы аңызға» арналған. Сонымен қатар, аталған аңызды өзек еткен әртүрлі каналдардағы хабарларды Youtube каналынан, facebook, telegram, instagram желілерінен көптеп кездестіруге болады. Және туристік компаниялардың арнайы түсірілімдерінде жер-су туралы аңыздар тек қазақ тілінде ғана емес, орыс, ағылшын тілінде де айтылады. Әртүрлі виртуалды әлемде таралып жатқан аңыздардың форматтары да бір-біріне ұқсамайды. Бірі сол мекен туралы бірнеше аңыздарға, тарихи тұлғаларға тоқталса, енді бірі бір ғана аңызды кеңінен суреттейді. Енді бірі

журналисттік зерттеуге аңызды арқау ете отырып, тыңдаушыны қызықтыра, тарихи фактілермен дәлелдей отырып сөз етеді.

Жер-су аңыздарының интернет әлемінде таралу, бөлісу әрекеттерін зерделеу барысында интернет тұтынушылары аталған фольклорлық жанрды қызығушылықпен тыңдайтынын, бөлісетінін байқадық. Жоғарыда аталған «Жібек жолы TV» каналы «Аңыз-әңгімелер» топтамасындағы «Оқжетпес туралы аңызды» 6,7 адам тамашалаған және сақтап алған. Ал Youtubetaғы «visitaqmola5303» каналы «Оқжетпес туралы аңыз» түсілімі арқылы қазақтың кең байтақ, көркем табиғатымен қатар ұлттық салт-дәстүрлерімізді, этнографиямызды дәріптейді. Яғни, бір форматта бірнеше бағыт тоғысқан: аңыз, тарих, этнография.

Қазақ жер-су аңыздарының киберкеңістікте таралуы – тарихымыздан, өткен күндерден хабар беріп қана қоймай, сонымен қатар ұлттық мұраларымызды жаңғыртуға септігін тигізуде. Сонымен қатар, аңыз мәтіндерінің киберкеңістікте таралуы кезінде өзгеріске ұшырай ма, тыңнан қосылған оқиғалар бар ма немес қысқартылып айтылды ма, себебін анықтау керек. Постфольклор жанрларының арасында айтарлықтай аңыздық проза (тарихи, жер-су, шежірелік аңыздар), баллада түріндегі кең өрісті музыкалық-поэтикалық композициялар мен қысқа мәтіндер, атап айтсақ, «нақыл сөздер, қарасөздер, мақал-мәтелдер, афоризмдер және ауызша әдемі сөйлеу мәнері» кездеседі. Басқаша айтқанда, әлемнің, сонымен қатар біздің санамыздың, идеяларымыздың тез өзгеруімен халық мәдениеті көптеген дәстүрлі формаларды қайта өңдеп немесе бұрынғы формалар мен жанрлардан бас тартады, қажетті әлеуметтік ақпаратты ықшамдап, қысқартып, ерікті түрде беруге тырысады. Дегенмен, үзінділерді кездейсоқ құрастырмай, жалпы мәдени қорда бар жанрлардан, формалардан біріктіреді.

Бір қарағанда, ақпараттық орта «фольклорға жатпайтын» ортаға енген «фольклорлық элементтерді» айтарлықтай бұрмалайтын сияқты көрінуі мүмкін. Біріншіден, бұл желіге қатысты барлық нәрсе бағынатын желідегі белгілі бір сандық форматқа байланысты. Екіншіден, желідегі ақпараттарда шалағайлық артық болып, желіде фольклордың болуы қиындықтар немесе наразылық тудыруы мүмкін. Сондықтан желілік ортаның үлкен көлемді мәтіндердің (мысалы, эпикалық жанрлар) пайда болуына қабілеті жептеуі мүмкін және анекдот, нақыл сөздер, мақал-мәтелдер сияқты шағын мәтіндер ғана құрастырылып, таралады.

Тікелей киберкеңістікте туындайтын фольклорлық формаларды қарастыратын болсақ, олар жаңа әлеуметтік және уақыт талаптары мен таралу форматына сәйкес құрылымы мен мазмұнын ғана өзгертіп қана қоймай, дәстүрге бағына отырып, барлық құрылымы мен мазмұндық элементтерін сақтап, жаңадан, қайта туындайтынын айта аламыз. Бұл мұндай жаңа формалардың ақпараттық дәуірдің халықтық, мамандандырылмаған мәдениеті ретінде қалыптасуына мүмкіндік береді. Қазіргі мегаполис жағдайында туындап отырған халық мәдениетінің бұл құбылыстарын түсіну үшін 1970-ші жылдары К.В.Чистов мәдениеттің «екінші» формалары ұғымын тұжырымдаған әдіснамалық принциптеріне жүгінуге болады. Зерттеуші бастапқы және қосалқы формалар бір-бірінен тәуелсіз пайда болған және олардың арасында генетикалық байланыс болмаса, тарихи-типологиялық әдіске күмән келтірмей, тек қана оның ұстанымдарын ескермеу керектігін тұжырымдайды (Blank, 2009).

Мұндай жағдайларда зерттеушілер «постиндустриалды» немесе «технологиялық дәуір» фольклоры деген терминдермен сипаттаған халық мәдениетінің, атап айтқанда фольклордың ерекше формаларының рөлі арта бастайды. Әрине, мұндай фольклордың қалыптасып және дамитын орны ақпараттық орта. Символдық түрде желілік байланыс құру қазіргі заманның адамына тапшы болып отырған шынайы коммуникацияны алмастырады. Ерекше шынайы қарым-қатынас дәстүрлі мәдениеттің мазмұны болатын. Бүгінгі таңда желілік әдебиет пен желілік өнермен қатар желілік фольклор да мол сұранысқа ие. Дегенмен, интернетте фольклордың пайда болуы мен интернеттің қалыпты даму заңдылықтары шығармашылық саланың қалыптасқан стереотиптеріне – нормаларына, заңдарына, авторлық құқықтарына, поэтикалық және стильдік үлгілеріне және тағы басқаларға күмән келтіре бастады. Бірақ дәстүрлі және интернет фольклордың стильдік ұқсастығы, оның дәстүрлі мәдениет пен желіде пайда болып және бірегей құбылыс ретінде қабылданған формалар арасындағы маңызды жақындыққа негізделеді.

Мұндай формалардың таралуы субмәдениеттің логоцентристік кеңістігімен салыстырғанда желілік ортада әлдеқайда қарқынды дамып келе жатқандығын көрсетеді. Бұл, өз кезегінде, фольклордың архаикалық формаларын дамытуда осындай ұқсастықтарды қайталауды қажет етеді. Кәсіби мәдениеттің заңдылықтарына бағынбай, шығармашылықтың қатаң заңдарын алға тартып, өз алдына қарапайым, халықтық, карнавалдық дәстүрге тән өзіндік жеткізу тәсілдері бар күнделікті мәдениеттің панасына айналды. Ең алдымен, интермәтіндік және интерактивтілік тұрғысынан желілік қасиетке тән. Дегенмен, интернеттің бұл қасиеттері дәстүрлі классикалық фольклордың анонимдік, ұжымдық авторлық, поливарианттық жаңа интернет қолданушыларының субмәдениетінің арнайы тілі ғана емес, соныме және дәстүрлі сияқты ерекшеліктеріне қаншалықты сәйкес деген сұрақ туындайды.

Интернетте көптеген кәсіби аударылмаған үзінділер, тараулар, сондай-ақ тұтас авторлық жұмыстар оларды әрі қарай өз бетінше дамытқысы келетіндерге ақысыз пайдалануға беріледі. Түпнұсқа мәтіннің өзі үлкен виртуалды көлемге ие болып, барған сайын жаңа нұсқалардың пайда болуына негіз болып, мүлдем жаңа туындыға айналады. Егер халық шығармалары аудармашыларының қызметінде фольклорлық типтің ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік болса және шығармашылықтың бұл түрін фольклордың аналогы ретінде қарастыратын болсақ, онда, ең алдымен, анонимдік, авторлық ұжымдық және поливарианттық сияқты ерекшеліктеріне мән берген жөн. Сонымен қатар, «халық аудармасының» электрондық пошта, чат және т.б. мәтіндерде кездеспейтін көркемдік сипаты бар.

Постфольклордың тағы бір маңызды тұсы – олардың интермәтіндік қасиеті, яғни бір мәтіннің үзінділері екінші мәтіннің үзінділерімен қатар қолданылып, өзіндік «үшінші» нұсқаларды құрайтын мәтіндер арасында байланыс орнату мүмкіндігі. Постфольклордағы бұл қасиет жасырын дәйексөздің қолданылуымен және олардың тұрақты орындарының болуымен байқалады (мысалы, эпостарда бұл атқа міну, бәйгеге түсу, той, жарыс), олар бір жанрдың ішінде мүлдем басқа сюжеттік желілермен қиылысады. Постфольклордың аясында барлық жанрлық және сюжеттік стереотиптер сақталмаса да, интермәтіндік қағидалар қатаң сақталады да, мәтін

басқа мәтіндермен байланысқа түсе алады. Мұның бәрі желілік байланыс дәуірінің мәдениетін дәйексөз ретінде түсіндіруге және желілік мәтіндерде дәстүрлі мәдениет мәтіндерімен айтарлықтай ұқсастықтарды көруге мүмкіндік беретін құрылымдарды табуға мүмкіндік береді (Hansen, 2009: 195). Мұның бәрі бүгінгі таңда зерттеушілердің жаңа «ауызша-жазбаша» мәтіннің қалыптасуы туралы тақырыпты қозғауымен байланысты. Олар: «жазбаша ауызша сөйлеу тілі», «жазбаша әдеби және ауызша сөйлеу тілдерінің үйлесімі», «ерекше түрдегі жазу», «сапалы жаңа функционалды ішкі стиль» және т. б. нұсқалармен атап көрсетуде. Басқаша айтқанда, желіде әртүрлі жанрлық-стилистикалық бағыттағы ауызша және жазбаша сөйлеу нұсқалары сәтті түрде қатар қолданылуда.

5 Қорытынды

Қазақ тілді ортада дәстүрлі қазақ ауыз әдебиетінің заманауи түрі ретінде интернет-фольклор (постфольклор немесе киберфольклор) кеңінен тарауда. Қазіргі зерттеушілер бұл құбылыстың мынандай ерекшелігін айтады: анонимдігі, креативтігі, вариативтігі (Blank, 2009: 260; Hansen, 2009:194-212). Сондай-ақ анекдоттар, қалжыңдар тек аудио форматта емес, роликтер түрінде де таралуда. Бұлардың бәрін бұқаралық мәдениеттің ұлттық формасына жатқызуға болады. Олардан басқа тарихи, әдеби, мәдени зерттеу сайттары мен блогтары кеңінен таралуда. Бірақ, мына мәселеге назар аударған жөн, әлеуметтік желілерде әсіресе тарихи, саяси сипаттағы материалдар болғанымен, терең аналитикалық, шынайы интеллектуалдық зерттеулер, концептуальдық тұжырымдар, қазақ тіліндегі бұл бағыттағы материалдар деңгейі өкінішке орай әлі де тапшы. Оған тиісті терең философиялық, мәдениеттанымдық, әлеуметтік талдау жасау, бағыт-бағдарын айқындау әлі де алдағы күндердің еншісінде.

Қорытындылай келе, постфольклор ақпаратты бірыңғай жүйеге келтіріп біріктірудің нақты әдісіне негізделген тұрақты жүйе екенін айта кету керек. Оны жазбаша сипаттан асып түсетін ауызша сөйлеу, авторлық ұжымдық, анонимдік, өзгергіштік сияқты ерекшеліктерінен байқауға болады.

Әдебиеттер:

1. Bennett, G. (1993). The Color of Saying: Modern Legend and Folktale. *Southern Folklore*. – 50(1). – p.19.
2. Blank, T. J. (2009). *Folklore and the Internet: Vernacular Expression in a Digital World*. University Press of Colorado. – p. 260 <https://doi.org/10.2307/j.ctt4cgrx5>
3. Guliyev, H. (2022) *İnternet Folkloru Bağlamında Parodik Kahraman Algısı: Sosyal Protesto ve Yetişkinliğe Kültürel Geçiş // Milli Folklor*. – 136. – pp. 109-125. – URL: <https://www.millifolklor.com/PdfViewer.aspx?Sayi=136&Sayfa=111>
4. Dégh, L. (1994). *American folklore and the mass media*. – Indiana University Press. – p. 56-59.
5. Dorson, R.M. (1968). *Legends and Tall Tales. Our Living Traditions: An Introduction to American Folklore*. – Basic Book, Nueva Yorky. – p. 154-169.
6. Неклюдов С.Ю. Фольклор: типологический и коммуникативный аспект // *Традиционная культура*. – 2002. – № 3. – с.135.
7. Рақыш Ж. Қазақ постфольклоры: жанрлар трансформациясы. «Керуен» ғылыми журналы. 79 (2) 2023 doi.org/10.53871/2078-8134.2023.2-09
8. Fee, C. R., & Webb, J. B. (Eds.) (2016). *American Myths, Legends, and Tall Tales: An Encyclopedia of American Folklore [3 volumes]: An Encyclopedia of American Folklore (3 Volumes)*. – Abc-Clio. – p. 231.

9. Hansen, G. (2009). Public Folklore in Cyberspace. In T. J. Blank (Ed.), *Folklore and the Internet: Vernacular Expression in a Digital World*. – p. 194-212. University Press of Colorado. <https://doi.org/10.2307/j.ctt4cgrx5.12>
10. Howard, R.G. (2008). Electronic Hybridity: The Persistent Processes of the Vernacular Web. *The Journal of American Folklore*. – №121(480). – p.192-218. <http://www.jstor.org/stable/20487596>
11. Wyckoff, D. (1993). Why a legend? Contemporary legends as community ritual. –*Contemporary Legend*. – 3. – p. 1-36.

References:

1. Bennett, G. (1993). The Color of Saying: Modern Legend and Folktale. *Southern Folklore*, 50(1), 19. (in Eng.)
2. Blank, T.J. (Ed.).(2009). *Folklore and the Internet: folk expressions in the digital world*. University of Colorado press. p.260. <https://doi.org/10.2307/j.ctt4cgrx5> (in Eng.)
3. Dégh, L. (1994). *American folklore and the mass media*. Indiana University Press. (in Eng.)
4. Dorson, R.M. (1968). *Legends and Tall Tales. Our Living Traditions: An Introduction to American Folklore, Basic Book, Nueva York, 154-169.* (in Eng.)
5. Fee, C.R., & Webb, J. B. (Eds.). (2016). *American Myths, Legends, and Tall Tales: An Encyclopedia of American Folklore [3 volumes]: An Encyclopedia of American Folklore (3 Volumes)*. Abc-Clio. (in Eng.)
6. Guliyev H. (2022) Baglaminda internet folklore parodik Kahraman gratitude: social protest against Yetishkinlige Kültürel geçiş // folk folklore., 136. 109-125. – URL: <https://www.millifolklor.com/PdfViewer.aspx?Sayi=136&Sayfa=111> (in Turkish)
7. Hansen G. (2009). Public folklore in cyberspace. In *The Book T. J. Blanca (Ed.) «Folklore and the Internet: folk reflection in the digital world»*. p. 194-212. University of Colorado press. <https://doi.org/10.2307/j.ctt4cgrx5.12> (in Eng.)
8. Howard, R.G. (2008) Electronic hybridization: sustainable processes in the population Network. *American folklore magazine*, 121 (480), 192-218. <http://www.jstor.org/stable/20487596> (in Eng.)
9. Neklyudov S. (2002) Folklore: typological and communicative aspect // *Traditional culture*. – № 3. – p. 135. (in Russ).
10. Rakysh, Z. (2023) KAZAKH POSTFOLKLORE: TRANSFORMATION OF GENRES. *The Scientific Journal "Keruen"*, 79(2). doi.org/10.53871/2078-8134.2023.2-09 (in Kaz)
11. Wyckoff, D. (1993). Why a legend? Contemporary legends as community ritual. *Contemporary Legend*, 3, 1-36. (in Eng.)